

Қосымша

1. Қазақстан Республикасының Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) қабылдау келесі құжаттар:

1) *Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидалары* (бұдан әрі – білім беру грантын беру қағидалары);

2) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары* (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары;*

4) *Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 193 бұйрығымен бекітілген 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.*

2. Ағымдағы жылы магистратура мен докторантураға түсу үшін мынадай өзгерістер енгізілді.

Магистратураға қатысты

ЖЖОКБҰ-ға магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан **8 шілдеге** дейін;

2) күнтізбелік жылғы **28 қазаннан** 10 қарашаға дейін.

Ағымдағы жылы бейіндік магистратураға түсу үшін мынадай өзгерістер енгізілді:

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар **таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша** тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар **ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша** тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін бейінді магистратураға өту балы және ақылы негізде түсу **кемінде 30 балды**, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші

бейінді пән бойынша – кемінде 7 балды, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балды құрайды.

Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде он жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады. *Лауазымдар тізілімінің тізбесі 4-қосымшада келтірілген.*

Сондай-ақ, магистратураның білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне (бейіндік пәндерді көрсете отырып) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

Код ББТ	ББТ атауы	1-бейіндік пән	2-бейіндік пән
M099	Энергетика және электротехника	Электротехниканың теориялық негіздері	Электр машиналары
M154	Спорт	Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі	Дене мәдениеті және спорт менеджменті
M173	Мемлекеттік аудит	Бухгалтерлік есеп негіздері	Аудит
M195	Криптология	Алгоритмдік бағдарламалау тілдері	Ақпараттық қауіпсіздік негіздері
M200	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	Педагогика 1	Кәсіптік оқытудың заманауи технологиялары
M229	Гидромелиорация	Гидравлика 1	Гидротехникалық мелиорация
M329	Сумен қамтамасыз ету және суды бұру	Гидравлика 1	Сумен қамтамасыз ету және суды бұру
M429	Гидротехникалық құрылыс және су ресурстарын басқару	Гидравлика 1	Гидротехникалық құрылымдар

Докторантураға қатысты

3. ЖЖОКБҰ-ға докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары және ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы **25 қазаннан** 10 қарашаға дейін.

PhD докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген, бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға, оның ішінде DBA бағдарламалары бойынша – магистратура немесе бейінді магистратураға теңестірілген жоғары арнауы білімі бар тұлғалар қабылданады.

4. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсуші тұлғалар үшін: шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттардың В1-ге дейінгі шекті деңгейлері төмендетілді және тізімге TOEIC (Test of English for International Communication (English of international communication Test) және Duolingo English Test (Duolingo English test) сертификаттары енгізілді.

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл **кемінде – 5.0**;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл **кемінде – 35 балл**;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл **кемінде – 417**;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

Duolingo English Test (Дуолингo Инглиш тест), шекті балл кемінде – 80;

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпруфун фюр дейн хохшулцуган ниво В1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво В1) – **В1 деңгейінен төмен емес**;

TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-пруфун ниво В1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво В1) – **В1 деңгейінен төмен емес**;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша **В1 деңгейінен төмен емес**;

Diplôme d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – **В1 деңгейінен төмен емес**;

Diplôme Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – **В1 деңгейінен төмен емес**;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – **В1 деңгейінен төмен емес**.

5. Ағымдағы жылы бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантура енгізілді.

Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шетелдік азаматтарды қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

5) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:
ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ);

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн));

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест);
неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) ;

TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1);

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ);

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ);

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ);

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ);

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама.

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау» білім саласы бойынша);

4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Бейіні бойынша докторлары бағдарламасы бойынша докторантураға түсу үшін шекті балл бекітілмеген.

6. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесуден;

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қорытынды баға эссені бағалау, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен әңгімелесу нәтижелеріні қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут), оның ішінде:

әңгімелесуге – 20 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут) беріледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде оқуға түсу үшін **философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға өту балы 75 балды** құрайды.

7. Бейіні бойынша докторлары бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан: әңгімелесуден және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарынан тұрады.

Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес бейіні бойынша докторлары бағдарламасы бойынша докторантураға қорытынды баға әңгімелесуді, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау нәтижелеріні қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан және кәсіпорындар мен ұйымдардан ұсыным хаттың болуынан тұрады.

Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханына 2 сағат 30 минут (150 минут) бөлінеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде түсу үшін **бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға ету балы 50 балды** құрайды.

Докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне мынадай толықтырулар енгізілді

Код БББТ	БББТ атауы
D200	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау (бейіні бойынша)
D195	Криптология
D152	Спорт

8. Қабылдау комиссиялары магистратура мен докторантураға түсушілер арасында білім беру салаларының сәйкестігі, білім беру бағдарламасының таңдалатын тобы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дайындау бағыты, сондай-ақ КТ және түсу емтиханын өткізу форматы мәселелері бойынша консультация өткізуі қажет.

9. Білім беру грантын беру жөніндегі конкурста өтініш бергенге дейін оқуға түсушінің Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (ЖББП) «білім алушы» мәртебесі болмауы тиіс.

10. Өтініштерді қабылдау базасы жабылғаннан кейін білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы өзгертілмейді.

ЖЖОКБҰ қабылдау науқанын өткізу кезеңінде өз сайттарында кәсіптік бағдар беру жұмысы мәселелері бойынша, оның ішінде өтініштерді қабылдау, білім беру грантын беру конкурсы, шекті балдар, мерзімдер және қабылдау науқанына қатысты басқа да ақпарат бойынша өзекті ақпаратты орналастыру қажет.

Бұдан басқа, түсушілер үшін қабылдау комиссияларында интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталған өзіне-өзі қызмет көрсету залдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, виртуалды қабылдау комиссиясын құру, үлкен кезек пен шоғырлануды болдырмай, аталған азаматтарға консультация беруді қамтамасыз ету қажет.

Осыған байланысты, қабылдау науқанына тартылған ЖЖОКБҰ-ның барлық техникалық хатшыларын үйрету қажет.

МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

11. Білім беру гранты бойынша және ақылы негізде магистратураға қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

12. Магистратураға түсушілерден ЖЖОКБҰ-ға КТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 8 шілдесі аралығында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі – ҰТО) ақпараттық жүйесі <https://app.testcenter.kz/> арқылы жүзеге асырылады.

Тестілеуді өткізу орны мен уақыты туралы ақпарат ағымдағы жылдың **13 шілдесінде** оқуға түсушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Ағымдағы жылы КТ қатысу құны – 14693 теңгені құрайды.

13. Магистратураға түсуге арналған құжаттар тізбесі:

- 1) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 3) 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- 5) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда);

6) IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде жүзеге асырылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары тексереді.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде.

Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic); TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung;

француз тілі: TFI (Test de Français International™), DELF (Diplome d'Études en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ шет тілі тесті бойынша балдарға аудару шкаласы

Тест түрі	Ұпайлар	Шет тілі бойынша ұпайлар
IELTS	кемінде 6	25
	кемінде 6,5	30
	кемінде 7	40
	кемінде 7,5	45
	кемінде 8	50
TOEFL IBT	кемінде 60	25
	кемінде 79	30
	кемінде 94	40
	кемінде 102	45
	кемінде 110	50
DSH, TestDaF-Prüfung	B2 деңгейінен кем емес	25
	Niveau C1/уровень C1	35
	Niveau C2/уровень C2	50
TFI, DELF, DALF, TCF	B2 деңгейінен кем емес	25
	C1 деңгейінен кем емес	35
	C2 деңгейінен кем емес	50

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

«Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы

халықаралық сертификаты болған кезде балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылдау кезінде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары тексереді.

GMAT стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ балдарына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған GMAT тесті		Кешенді тестілеу	
Тест бөлімдері	«Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағытына арналған балдар	Тест түрлері	Ұпайлары
Quantitative Reasoning	кемінде 40 балл	Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест	15
Integrated Reasoning	кемінде 4 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	30
Verbal Reasoning	кемінде 20 балл	Шет тілі бойынша тест	25
Analytical Writing	кемінде 3 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 50 балл	Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест	20
Integrated Reasoning	кемінде 6 балл	Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	50
Verbal Reasoning	кемінде 40 балл	Шет тілі бойынша тест	35
Analytical Writing	кемінде 4 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 60 балл	Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест	30
Integrated Reasoning	кемінде 8 балл	Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	кемінде 60 балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	кемінде 5 балл		

14. КТ 2024 жылғы **20 шілде мен 10 тамыз** аралығында электрондық форматта өтеді.

15. Араб тілінен түсу емтиханы және магистратураға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар **2024 жылдың 16-25 шілдесі** аралығында өткізіледі.

Араб тілінен түсу емтиханы және (немесе) магистратураға түсушілерге арналған білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихан Үлгілік қағидаларға сәйкес дәстүрлі форматта өткізіледі.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан **ағымдағы жылғы 29 шілдеде сағат 18:00-ге дейін** ҰТО ақпараттық жүйесі (<https://magistratura-creative-exam.testcenter.kz>) арқылы араб тілі және (немесе) білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихан нәтижелерін береді.

16. КТ мыналарды:

1) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін: шет тілі бойынша тестті, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті және қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті (таңдау бойынша);

2) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті;

3) ағылшын тілінде оқытатын бейіндік магистратураға түсушілер үшін: ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін: шет тілі бойынша тестті (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз), қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті (таңдау бойынша);

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті және қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті (таңдау бойынша) қамтиды.

17. Магистратураға түсу үшін білім беру гранттарын беру конкурсына құжаттарды қабылдау 2024 жылғы 13-20 тамыз аралығында өткізілетін болады.

18. Гранттар санын көрсете отырып, білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі ҰТО сайтында (15.05.2024 ж. жаңалықтар бөлімінде) орналастырылған.

19. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде ғылыми-педагогикалық магистратураға түсу үшін өту балы кемінде 75 балды, бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балды, бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балды, екінші бейіндік пән бойынша-кемінде 7 балды, оқуға дайындығын айқындауға арналған тест бойынша - кемінде 7 балды құрайды.

20. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде бейіндік магистратураға түсу үшін өту балы кемінде 30 балды, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балды, екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балды құрайды.

21. Аталған тұлғаларды қабылдау КТ нәтижелерін және ЖЖОКБҰ белгілеген қосымша талаптарды жинақтау жолымен алынған нәтижелер жиынтығының қорытындылары бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

22. Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде он жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

23. ЖЖОКБҰ магистратурасына қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүзеге асырылады.

ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

24. ЖЖОКБҰ ағымдағы жылдың **11 шілдесінен 3 тамызына дейінгі кезеңде** құжаттарды қабылдауды, оларды ҰТО ақпараттық жүйесінде тіркеуді және түсушіге өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не болмаса түсуші құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

25. Білім беру гранты бойынша және ақылы негізде докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының (бұдан әрі – БББТ) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

26. Құжаттарды тапсыру кезінде түсуші бір ЖЖОКБҰ және бір БББТ көрсетеді.

27. Докторантураға түсетін үміткер құжаттарды өзі түсетін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына тапсырады.

28. Құжаттар тізімі:

Докторантураға түсетін тұлғалар келесі құжаттар пакетін тапсырады:

1) еркін нысандағы өтініш;
2) білімі туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

4) шетел азаматтарын қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

5) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:

- **философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша** докторантураға түсетін тұлғалар:

ағылшын тілін білу бойынша:

International English Language Tests System Academic (international English language tests tests System Academic) (IELTS Academic) (IsIts Academic), шекті балл кемінде – 5.0;

Test of English as a Foreign Language institutional Testing Program Internet-based Test (ov English az a Forin Languj institutional testing program Internet Bazid test) (TOEFL IBT) (TOEFL IBT), шекті балл – кемінде 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (ov English az a Forin Languj Institushinal testing program) (TOEFL ITP) (TOEFL ITP), шекті балл - кемінде 417;

TOEIC (test of English for International Communication (test of English Fo International comunication)), шекті балл - кемінде 550;

Duolingo English Test (Duolingo English test), шекті балл - кемінде 80;
неміс тілін білу бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang niveau 1 - де (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшульцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (DISIEICH, nivo B1) - B1 деңгейінен төмен емес;

француз тілін білу бойынша:

Test de Français International (Test de France Internacional) (TFI) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d ' Etudes en Langue français (Диплом datude an lang Français) (DELF) (DELF) - B1 деңгейінен төмен емес;

Диплом Approfondi de langue français (Aprofondi DE Lang Français дипломы) (DAF) (DAF) - B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Test de connessance du français) (TCF) (TSF) – B1 деңгейінен төмен емес.

- **бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша** докторантураға түсетін тұлғалар:

ағылшын тілін білу бойынша:

International English Language Tests System Academic (international English Language Test System Academic) (IELTS Academic);

Test of English as a Foreign Language institutional Testing Program Internet-based Test (Test ov English az a Forin Languj institutional testing program Internet Basid test) (TOEFL IBT) (TOEFL IBT);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (tests English az a Forin Langwidge instituting testing program) (TOEFL ITP) (TOEFL ITP);

TOEIC (Test of English for International Communication);

Duolingo English Test;

неміс тілін білу бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang niveau in 1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшульцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДАЙСИЕИЧ, ниво B1);

француз тілін білу бойынша:

Test de Français International (Test de France Internacional) (TFI);

Диплом d ' Etudes en Langue français (Диплом datude an lang Français) (DELF) (DELF);

Диплом Approfondi de langue français (approfondi DE Lang Français дипломы) (DALF) (DALF);

Test de connaissance du français (Test de connessance du français) (TCF) (TSF);

Бұл ретте, бейіні бойынша докторлары бағдарламасы бойынша докторантураға түсу үшін шекті балл бекітілмеген.

Анықтама: TOEIC нәтижелерін тексеру testssecurity@etsglobal.org арқылы сұраныс бойынша жүзеге асырылады. Сұранысты қабылдаушы ұйым/ университет жасайды және score report сканерленген нұсқасын ұсынады. Тексеру кезеңінде бейне жазбалар, аудиторлардың есептері көтеріліп, бүкіл сынақ сессиясының нәтижелері талданады және бұл процесс 3 аптаға дейін созылады.

Duolingo сертификаттарын растау үшін университет <https://englishtest.duolingo.com/edu> университеттің есептік жазбасын жасауы керек, содан кейін талапкер сертификатын сайттың «менің сынақтарым», содан кейін «нәтижелерді бөлісу» түймелерін басу арқылы оқу орнына жіберуі керек.

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама.

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау» білім саласы бойынша).

4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

29. Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуге қатысу құны – 14162 тг.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты мен орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі – **5 тамыз**.

Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды.

30. ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары:

- ұсынылатын халықаралық сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін тексереді.

- ҰТО ақпараттық жүйесінде (<https://phd.testcenter.kz/>) өтініштерді қабылдауды тіркеу процесін бақылайды;

- 4 тамызда сағат 11-ге дейінгі мерзімде ҰТО ақпараттық жүйесінде <https://phd.testcenter.kz/> компьютерлік форматта докторантураға түсу емтиханына «Қолжетімділікті» ұсынады.

- **түсу емтиханына қолжетімділік берілмеген жағдайда, түсушіге деректер базасы жабылғанға дейін (03.08.2024 дейін) өтініштің жойылғаны туралы хабарлайды.**

31. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

32. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт

рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан босатылады.

Докторантураға "педагогикалық ғылымдар", "жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ "гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарына түсетін адамдар", білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары бойынша блок тапсырады, стандартталған Graduate Record Examinations (graduate record examinations) GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан және докторантураға оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен босатылады

Халықаралық стандартталған GRE тест сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханының балдарына аудару шкаласы

Халықаралық стандартталған GRE тесті				
Тест бөлімдері	"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салалары, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттары үшін балдар	Қабылдау емтиханының блоктары	Балдар
Verbal Reasoning	кемінде 149 балл	кемінде 145 балл	Эссе жазу	10
Verbal Reasoning	кемінде 160 балл	кемінде 150 балл	Эссе жазу	15
Verbal Reasoning	кемінде 165 балл	кемінде 160 балл	Эссе жазу	20

Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары түсу емтиханында құжаттарды тапсырған кезде жүзеге асырады. Бұл ретте, ЖЖОКБҰ ұпайларды аудару үшін ҰТО ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Сертификат балдарын эссе жазу балдарына ауыстыруды ЖЖОКБҰ түсу емтиханын өткізгеннен кейін жүзеге асырады.

33. Магистратураға, докторантураға және резидентураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік

білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

34. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

35. ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдарға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

36. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

37. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

38. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

39. ЖЖОКБҰ бөлінісінде гранттар санын көрсете отырып, білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі ҰТО сайтында орналастырылған.

40. Түсуші түсу емтиханына қатысудан бас тартқан жағдайда, мәліметтер базасы жабылғанға дейін түсуші өзінің өтінішін жеке кабинетінде жоюы қажет. Бұл жағдайда төлем келесі құжаттарды ұсынған кезде қайтарылады:

- 1) түсу емтиханына қатысу үшін төлемді қайтару туралы өтініш;
- 2) түсу емтиханына қатысқаны үшін төленгені туралы түбіртек;
- 3) жеке куәліктің көшірмесі;
- 4) төлем картасының көшірмесі;
- 5) банктің деректемелері көрсетілген шоттың 20 таңбалы нөмірі.

6) деректер базасы жабылғаннан кейін түсу емтиханы үшін төленген төлем қайтарылмайды.

7) ағымдағы жылы докторантураға түсу емтиханына қатысу құны – 21072 теңгені құрайды.

41. Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары ағымдағы жылдың 4-20 тамыз аралығында ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымның базасында

компьютерлік форматта өткізіледі. Докторантураға қабылдау - ағымдағы жылдың 28 тамызына дейін.

42. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

43. Бейіні бойынша докторлары бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу бейнебайланысты міндетті түрде пайдалана отырып, күндізгі нысанда және (немесе) қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба мұрағатта кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу хаттамамен ресімделеді және оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

44. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханын бағалау:

1) әңгімелесу – 30 балл.

2) эссе – 20 балл;

3) БББТ бейіні бойынша емтихан – 50 балл;

Қорытынды баға эссені, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен әңгімелесуді бағалау нәтижелерін қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар;

ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар /дипломдар ескеріледі.

45. Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханын бағалау:

- 1) әңгімелесу - 25 балл;
- 2) БББТ бейіні бойынша емтихан - 50 балл.

Кәсіпорындар мен ұйымдардан ұсыныс хат болған жағдайда қосымша 5 балл есептеледі.

Қорытынды баға әңгімелесуді және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау нәтижелерін қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау кезінде басым құқықты мынадай өлшемшарттардың біріне сәйкес келетін тұлғалар алады: шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттың ең жоғары балы, кәсіпорын қызметкерлері болып табылатын түсушілер және кәсіпорындардан ұсыным хат.

46. Эссені, БББТ бейіні бойынша емтиханды және әңгімелесуді бағалау критерийлері 1-қосымшада келтірілген.

47. Эссе тақырыптары мен БББТ бойынша емтихан билетінің сұрақтарын ЖЖОКБҰ әзірлейді және бекітеді.

Емтихан материалының сапасы, дұрыстығы, тұтастығы, құпиялылығы үшін ЖЖОКБҰ жауапты болады.

48. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

- әңгімелесуге – 20 минут;
- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

49. Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханына 2 сағат 30 минут (150 минут) бөлінеді.

- әңгімелесуге - 20 минут;
- білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына арналған іс-шаралар - 130 минут (2 сағат 10 минут).

Көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген

мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда түсу емтиханын тапсыруға **30 минутқа дейін** қосымша уақыт беріледі.

50. Түсу емтиханын өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін АТО-ға аудитория бойынша және дәліз бойынша кезекшінің функцияларын орындайтын түсу емтихандарының әкімшілері жіберіледі.

51. Оқуға түсушілер түсу емтиханына жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын (жеке куәлік немесе паспорт) ұсынған кезде жіберіледі, бұл ретте оқуға түсушінің жеке басын сәйкестендіру адамның көлемдік-кеңістіктік нысанындағы сканер арқылы жүргізіледі.

52. Қосымша тестілеу және түсу емтиханына кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады. Қосымша тестілеу және түсу емтиханына кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде түсушіде тыйым салынған заттар (деректермен қамтылған шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, қағаз, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдірік, фитнес-білезіктер (трекер), диктофондар, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) және т.б.

53. Түсу емтиханына іске қосу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде тыйым салынған заттар анықталған кезде түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп Акт жасайды және түсуші ағымдағы жылы түсу емтиханына жіберілмейді.

54. Қосымша тестілеу және түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, қосымша тестілеу немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды, , түсуші осы қосымша тестілеуге және түсу емтиханына кіргізілмейді.

55. Өз орнына бөгде тұлғаны кіргізуге талпынған түсушілерге ағымдағы жылы қосымша тестілеуге және түсу емтиханына кіруге рұқсат етілмейді..

56. Қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу барысында түсушіге:

- 1) аудиториядан дәліз кезекшісінің функциясын атқаратын түсу емтиханы әкімшісінің рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;
- 2) аудиториядан 2 рет және ұзақтығы 10 минуттан артық шығуға;
- 3) сөйлесуге, орын ауыстыруға;

4) құжаттармен және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы парағымен алмасуға;

5) құжаттарды және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы парақты аудиториядан шығаруға, сондай-ақ оларды жырту, бүктеу арқылы бүлдіруге;

6) аудиторияға деректермен қамтылған шпаргалкаларды, қағазды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плеерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт көзілдірікті, смарт сағаттарды, фитнес-білезіктерді (трекер), диктофондарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ мынадай стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

7) қосымша тестілеуде және түсу емтиханында пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

8) қосымша тестілеу және түсу емтиханы басталар алдында немесе барысында шулауға;

9) тестілеу тапсырмалары мен емтихан сұрақтарының мазмұнын талқылауға, жария етуге және шығаруға;

10) қосымша тестілеу және түсу емтиханының жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы және қосымша тестілеу және түсу емтиханын өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

Түсуші жоғарыда көрсетілген тармақтарды бұзған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару актісін жасайды. Түсуші аудиториядан шығарылады. Қосымша тестілеудің және түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады.

57. Емтиханды компьютерлік форматта өткізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда, түсу емтиханының әкімшісі бөгде адамның қатысуымен қосымша тестілеуді немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды. Бөгде тұлға аудиториядан шығарылады. Қосымша тестілеудің және түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады.

Қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу барысында өз орнына бөгде тұлғаны кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы қосымша тестілеу және түсу емтиханын тапсыруға рұқсат етілмейді.

58. Қосымша тестілеуді және түсу емтиханын бастау үшін түсушіге:

1) тестілеу жүйесіне кіру үшін логин және құпия сөзді енгізу немесе жеке сәйкестендіру номерін (бұдан әрі - ЖСН) енгізіп адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;

2) қосымша тестілеуді және түсу емтиханы туралы деректердің дұрыстығын растау;

3) қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу қағидаларымен танысу;

4) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін қосымша тестілеуді және түсу емтиханын тапсыруға кірісу қажет.

59. Түсу емтиханын аяқтағаннан кейін оқуға түсушінің білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе блоктары және емтихан сұрақтары бойынша жауаптар осы білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензиясына қосымшасы бар жжжбұ ұсынған сарапшылардың өңдеуі және бағалауы үшін ҰТО-ға жіберіледі. Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блогы бойынша түсушінің жауаптарын ҰТО өңдейді.

60. Түсу емтиханының нәтижесі түсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

61. Түсушілер түсу емтиханын нәтижесімен емтихан тапсырғаннан кейін келесі күні жеке кабинетте танысады.

62. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде оқуға түсу үшін философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға өту балы 75 балды құрайды.

63. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде түсу үшін бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға өту балы 50 балды құрайды.

64. ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиялары түсушінің жеке коды бойынша жұмыстарды тексереді және нәтижелерді жариялау үшін ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы жібереді.

65. Түсу емтихандарын өткізу және докторантураға қабылдау кезеңінде ЖЖОКБҰ да емтихан комиссиялары:

- эссені бағалау үшін;

- емтихан сұрақтарына жауаптарды бағалау үшін;

- әңгімелесуді бағалау үшін;

- білім беру бағдарламаларының топтары бойынша апелляциялық комиссиялар құрылады.

Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары ЖЖОКБҰ-ның профессорлық-оқытушылық құрамы, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ қызметкерлер қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

66. ЖЖОКБҰ басшылары:

- білім беру бағдарламалар топтарының бейіні бойынша түсу емтихан сұрақтары мен эссе тақырыптарын әзірлеушілермен және емтихан және апелляциялық комиссиялардың мүшелерімен түсу емтиханының мәселелерін жарияламау туралы шарттарға және құпиялылық саясатына уақтылы қол қою;
- ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін емтихан сұрақтарын үлгісін және ұсынылатын әдебиеттер тізімін ЖЖОКБҰ сайтында жариялау;
- а. ж. 10 шілдеге дейін эссе тақырыптары мен емтихан мәселелерін жаңартудың орындылығы бойынша КВПО-ға хаттамалық шешім ұсынылсын;
- а. ж. 29 шілдеге дейін ҰТО ұсынған сілтеме бойынша білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе тақырыбын және емтихан сұрақтарын ҰТО түсу емтихан базасына түзету және өзектендіру жұмыстарын жүргізу және ақпараттық жүйесінде (<https://examphd.testcenter.kz>) түсу емтиханының білім беру бағдарламалар топтарының тапсыру тілі бөлінісінде емтихан және апелляциялық комиссияларының құрамын толтыру;
- а.ж. 29 шілдесіне дейін ҰТО базасына бейіні бойынша докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары енгізілсін. Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға түсушілер үшін емтихан сұрақтарын қалыптастыру кезінде сұрақтардың мазмұнында оқыту әдістемесіне байланысты сұрақтарды алып тастау қажет.
- ағымдағы жылғы 4 тамыз сағат 11:00-ге дейінгі мерзімде ҰТО ақпараттық жүйесінде (<https://phd.testcenter.kz/>) түсу емтиханын тапсыруға тіркелген түсушілерге қолжетімділік берілсін;
- түсу емтиханы кезеңінде емтихан және апелляциялық комиссия мүшелерінің жұмысы үшін жағдайлар жасау;
- докторантураға түсушілердің әңгімелесу, эссе жазу блоктары бойынша жауаптарын және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптарын объективті және ашық бағалау;
- ағымдағы жылдың 12 тамызына дейінгі мерзімде ҰТО ақпараттық жүйесінде (<https://examphd.testcenter.kz>) ЖЖОКБҰ емтихан

комиссиясымен өткізетін түсушілермен әңгімелесу блогы бойынша түсушілердің нәтижелерін енгізу;

- докторантураға түсушілердің эссе блоктары және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жауаптарын уақтылы қарастыру және түсу емтиханы өткізігеннен кейінгі күні ҰТО ақпараттық жүйесінде түсушілердің балдарын енгізу (<https://examphd.testcenter.kz>);
- білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша эссе жазу және емтихан сұрақтарына жауап беру нәтижелері бойынша докторантураға түсушілерден апелляцияға берілген өтініштерді уақтылы қарастыру және ҰТО ақпараттық жүйесінде апелляциялық балдарын енгізу (<https://examphd.testcenter.kz>) түсушілерге (апелляция берген күні).

Емтихан материалының сапасы, дұрыстығы, тұтастығы, құпиялылығы үшін ЖЖОКБҰ жауапты екенін қосымша хабарлаймыз.

67. Емтихан және апелляциялық комиссиялардың құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен 2 және 3-қосымшаларға сәйкес бекітіледі.

68. Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау нәтижелері бойынша (апелляцияға өтініш берілген жағдайда) түсушіге электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Қабылдау емтиханының электрондық сертификаты ҰТО сайтында расталады (<https://certificate.testcenter.kz/>).

4-20 тамыз аралығында өткізілген түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін жарамды.

69. Түсу емтиханын ұйымдастыру және өткізу үшін жергілікті жерлерде өңірлік мемлекеттік комиссиялар құрылады, оларды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағалары болып түсу емтиханын ұйымдастыруды және өткізуді, сондай-ақ металл іздегіштерді, мобильді және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басатын құрылғыларды пайдалануды және бейнебақылауды қамтамасыз ететін ЖЖОКБҰ басшылары тағайындалады.

Өңірлік мемлекеттік комиссияның құрамына құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Өңірлік мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды.

70. Түсу емтиханын өткізу кезіндегі өңірлік мемлекеттік комиссия:

1) қосымша тестілеуге және түсу емтиханына кіргізу кезінде және қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді;

2) қосымша тестілеу мен түсу емтиханын өткізу кезеңінде медициналық персоналдың жұмысын ұйымдастырады;

3) көру қабілеті, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар тұлғалар үшін түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пән оқытушысы болып табылмайтын көмекші және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар тұлғалар үшін ымдау тілін меңгерген маман беруді ұйымдастырады;

4) қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу кезінде шкафтардағы (ұяшықтардағы) түсушілердің жеке заттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

5) қосымша тестілеу және түсу емтиханына түсушілерді кіргізу процесіне қатысады.

Бұл ретте, өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағасы мен мүшелері түсу емтиханының процесіне қатыспайды.

АПЕЛЛЯЦИЯ

71. Докторантураға, резидентураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш ЖЖОКБҰ апелляциялық комиссия төрағасының атына беріледі.

Өтініштер докторантураға түсу емтихандары, шығармашылық емтихандар және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

72. КТ апелляциясына өтініштер тест тапсырмаларының мазмұны бойынша және техникалық себептер бойынша қаралады.

Түсушілер техникалық себептер бойынша КТ апелляциясына өтініштер тестілеу барысында беріледі. КТ мазмұны бойынша апелляцияға өтініш тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі.

Апелляцияға келіп түскен өтініштерді республикалық апелляциялық комиссия тестілеу өткізілген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейін қарайды.

Онлайн апелляцияның нәтижелері республикалық апелляциялық комиссияның қарауынан кейін түсушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

73. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

1) түсу емтиханының нәтижелері бойынша апелляцияға өтініш беруге ғимаратқа кіру барысында тыйым салынған заттарды қолдануға рұқсат берілмейді.

2) Апелляцияға өтініш беру үшін ғимаратқа кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, әкімші қосымша тестілеуге және компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында тыйым салынған заттарды табу бойынша акт жасайды. Түсуші ағымдағы жылы қосымша тестілеуге және түсу емтиханына жіберілмейді.

3) апелляцияға берілген өтініште нақты фактілер қарастырылуға жатады.

Докторантураға түсу емтиханының мазмұны бойынша компьютерлік форматта апелляцияға 40 минут беріледі.

4) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе, емтихан сұрақтарына жауап жазу нәтижелері бойынша апелляцияны ЖЖОКБҰ апелляциялық комиссиялары жүргізеді.

Назар аударыңыз!

ҰТО күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және/немесе 19 қараша және 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу және түсу емтиханы аяқталғаннан кейін бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады және тестілеу жүйесіне (электрондық форматқа) түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) 3 (үш) ай ішінде тексеруді жүргізеді.

Қосымша тестілеу және түсу емтиханында және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша, түсушілердің Қағидалардың 20-3 және 20-4 тармақтарында көрсетілген ережелерді бұзғаны үшін және (немесе) тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған жағдайда, ҰТО еркін түрде акт толтырады және растайтын материалдарымен бірге ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Акт және растайтын құжаттар ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады. Комиссияның шешімі бойынша қосымша тестілеудің нәтижелері, түсу емтиханының сертификаты ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Қосымша тестілеу, түсу емтиханы және (немесе) түсу емтиханы сертификатының нәтижелері жойылғаннан кейін ҰТО ЖЖОКБҰ-ға және оқуға түсушіге оның жеке кабинеті арқылы хабарлама жібереді.

Бұл ретте нәтижесі жойылған түсуші ағымдағы жылы қосымша тестілеуге және түсу емтиханына жіберілмейді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган емтихан және апелляциялық комиссия сарапшыларымен жүзеге асырылатын докторантураға түсушілердің жұмыстарын бағалауға мониторинг жөніндегі Комиссияны құрайды.

Мониторинг жөніндегі Комиссия күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және (немесе) 19 қараша және 11 желтоқсан аралығында өткізілген түсу емтиханы аяқталғаннан кейін емтихан және апелляциялық комиссия сарапшыларымен жүзеге асырылатын докторантураға түсушілердің жұмыстарын бағалауды 3 (үш) ай ішінде жүргізеді.

Емтихан және (немесе) апелляциялық комиссиялары тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда, комиссияның шешімі бойынша ғылым

және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен түсу емтиханының нәтижелері мен оқуға түсушінің сертификаты жойылады және ЖЖОКБҰ-ға хабарлама жіберіледі.

ЖЖОКБҰ білім алушыны оқудан шығаруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша ЖЖОКБҰ-ға қабылданған түсушілердің тізімі ЖЖОКБҰ сайтында 25 тамызға дейін жарияланады.

Осылайша, НҚА нормалары мен талаптарын ұстану және олардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету қажет.

1-қосымша

1. Сұхбатты бағалау критерийлері

1.1. Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу потенциалын бағалауға бағытталған.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантура

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1.	Мотивация	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5

2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру.	10
3.	Креативті ойлау	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	10
4.	Коммуникативті	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	5
Ең көп ұпай саны			30

Бейіні бойынша докторлары бағдарламасы бойынша докторантура

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1.	Мотивация	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру.	8
3.	Креативті ойлау	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	8
4.	Коммуникативті	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	4
Ең көп ұпай саны			25

2. Эссені бағалау түрлері мен критерийлері

2.1. Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттама	Эссе көлемі
Мотивациялық	Ғылыми-зерттеу қызметіне ынталандырушы уәждер туралы түсушінің дәлелдері (research statement)	кем дегенде 250 сөз
Ғылыми-аналитикалық	оқуға түсушілерге болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

2.2. Эссені бағалау критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылды, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі көздерден алынған ақпарат қолданылды	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	4
Дәлелдеу, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті.	4
Композициялық тұсаукесердің тұтастығы мен логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытындылар мен жалпылаудың болуы	4
Сөйлеу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика).	4
Ең көп ұпай саны		20

3. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханның құрылымы мен мазмұны

3.1. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блоктар	Сұрақтың сипаты	Ұпай саны
---------	-----------------	-----------

1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелік құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең көп ұпай саны		50

Емтихан сұрақтарын тұжырымдау кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестікті сақтау қажет, осылайша түсушілердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелік түсінікті, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білуді, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға болады.

3.2. Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критерийлері:

Сұрақтар	Бағалау критерийлері	Ұпай саны
1-сұрақ	зерттелетін пәндік саланың негізгі процестерін білуді көрсетеді; мәселенің ашылу тереңдігі мен толықтығы	5
	логикалық және дәйекті түрде талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
Барлығы		10
2- сұрақ	пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, әдістерді, технологияларды қолданады	7
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар мен жалпылаулар жасайды	7
	эртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды	6
	Барлығы	20
3- сұрақ	теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	7

Сұрақтар	Бағалау критерийлері	Ұпай саны
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	6
Барлығы		20
Максималды ұпай саны		50 балл

2-қосымша

Емтихан комиссиясының мүшесі үшін деректер

ЖЖОК БҰ Кодтар	ЖЖОКБҰ атауы	Т. А. Ә..	Лауазымы	Дәрежесі	Білім беру бағдарламалары тобы	Пәні	Оқыту тілі	e-mail	Байланыс нөмірі (ұялы, жұмыс, үй)

3-қосымша

Апелляциялық комиссия мүшесіне арналған деректер

ЖЖОК БҰ Коды	ЖЖОКБҰ атауы	Т. А. Ә..	Лауазымы	Дәрежесі	Білім беру бағдарламалары тобы	Пәні	Оқыту тілі	e-mail	Байланыс нөмірі (ұялы, жұмыс, үй)

4-қосымша

Лауазымдар тізілімінің тізбесі

- 1) мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығы.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1500000150>
- 2) Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 13181 болып тіркелді.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013181>

- 3) мәдениет, мәдениет, тілдерді дамыту, мұрағат дела және басқаруды, дене шынықтыру мен спортты Құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 419 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 23 ақпанда № 13179 болып тіркелді.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500013179>
- 4) энергетика саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 665 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда № 12567 болып тіркелді.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012567>
- 5) денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1043 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда № 12742 болып тіркелді.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012742>
- 6) әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1042 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда № 12751 болып тіркелді.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012751>
- 7) "Ауыл, су, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-2/1132 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 21 шілдедегі № 215 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 Шілдеде № 23642 болып тіркелді
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023642>
- 8) Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1103 бұйрығы. Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 желтоқсанда № 12531 болып тіркелді

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012531>

- 9) көлік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 1097 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 желтоқсанда № 12540 болып тіркелді.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012540>

- 10) Ақпарат, Діни қызмет, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 394 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 қазанда № 19478 болып тіркелді

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900019478>

- 11) индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 желтоқсанда № 12549 болып тіркелді




<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012549>

Согласовано

16.07.2024 17:22 Жумабекова Айгуль Баймурзиновна

Подписано

16.07.2024 17:31 Есинбаева Жанна Уакасовна

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 14-14-1-3/5895-И от 16.07.2024 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 <p>Согласовано: Жумабекова Айгуль Баймурзиновна без ЭЦП Время подписи: 16.07.2024 17:22</p>
	 <p>Республиканское государственное учреждение "Комитет высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан" Подписано: ЕСИНБАЕВА ЖАННА MIS3gYJ...04QHeQ== Время подписи: 16.07.2024 17:31</p>
	 <p>Государственное учреждение "Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: АЙТКУЖИНОВА АЙЖАНА MISQAYJ...rPnpxsNY= Время подписи: 16.07.2024 17:33</p>

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.